



INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS



№4 (2) 2021

Social Sciences series



International Science Reviews

Social Sciences series

Published since 2020

No. 4 (2) / 2021

Nur-Sultan

EDITOR-IN-CHIEF:

Doctor of Historical Sciences, Professor
Shaikhutdinov M.Y.

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF

Doctor of Jurisprudence, Professor
Amandykova S.K.

EDITORIAL BOARD:

- | | | |
|--------------------------------------|---|--|
| Irsaliyev S. A. | - | Candidate of Agricultural Sciences, President AIU, (Kazakhstan) |
| Sarsenbay N. A. | - | Candidate of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Somzhurek B.Zh. | - | Candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| Amandykova S.K. | - | Doctor of Jurisprudence, Professor (Kazakhstan) |
| Kazhyken M. Z. | - | Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Toxanova A.N. | - | Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Akhmadiyeva Zh.K. | - | Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor (Kazakhstan) |
| Laumulin M. T. | - | Doctor of Political Sciences, (Kazakhstan) |
| Orlova O.S. | - | Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Russia) |
| Jacek Zaleśny | - | Doctor of Jurisprudence, Professor (Poland) |
| Francisco Javier Diaz Revorio | - | Dr. hab., Professor (Spain) |
| László Károly Marác | - | PhD (The Netherlands) |
| Verbitskiy A.A. | - | Doctor of Pedagogy, Academician of the Russian Academy of Education (Russia) |

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: social-sciences@aiu.kz

International Science Reviews
Social Sciences series

Owner: Astana International University
Periodicity: quarterly
Circulation: 500 copies

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series No 4

МАЗМҰНЫ

Секция
ҚҰҚЫҚ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Акопян Л.А.

САЙЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....11

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ

Больбат П.Н.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ӨКІЛДІК ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ
ТАРИХЫ.....21

Анферова О.А.

БӨЛЕКШЕ САУДА БОЙЫНША МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАСУДЫҢ ӨЗГЕШЕ
ТӘСІЛДЕРІ.....29

Перепада О.А.

КОРПОРАТИВТІК ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ: БІРҚАТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ..38

Станкевич Г.В., Вильгоненко И.М.

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫНЫҢ ТӨЛЕМ
ҚАБІЛЕТСІЗДІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....43

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Бабаян Р.А.

СУ АСТЫНДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРА ОБЪЕКТІЛЕРІН САҚТАУ ЖӘНЕ
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ.....51

ЖАС ІЗДЕНУШІЛЕР

Байболова М.Б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПАНДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕ
ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН КЕЙБІР ҰҒЫМДАРДЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ
АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ.....58

Қорабаева Ж.С.

МЕДИАЦИЯ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
НЫСАНЫ РЕТІНДЕ.....66

Үдербай С.С.

ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ӨНДІРУДІ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ.....71

Бекишева М.О.

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ЖЫНЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ
ЖАСАҒАНЫ ҮШІН ҚОСЫМША ЖАЗА РЕТІНДЕ АТА-АНА
ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ.....78

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series No 4

СОДЕРЖАНИЕ

**Секция
ПРАВО**

КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО

Акопян Л.А.

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ.....11

ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО

Больбат П.Н.

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ИНСТИТУТА ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОГО
ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВА.....21

Анферова О.А.

ИНЫЕ СПОСОБЫ ЗАКЛЮЧЕНИЯ СДЕЛОК НА ТОРГАХ.....29

Перепада О.А.

СПОСОБЫ ЗАЩИТЫ КОРПОРАТИВНЫХ ПРАВ: НЕКОТОРЫЕ
ВОПРОСЫ.....38

Станкевич Г.В., Вильгоненко И.М.

ОСОБЕННОСТИ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ
НЕСОСТОЯТЕЛЬНОСТИ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ ЮРИДИЧЕСКИХ
ЛИЦ.....43

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

Бабаян Р.А.

МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРАКТИКА СОХРАНЕНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ
ОБЪЕКТОВ ПОДВОДНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ.....51

МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ

Байболова М.Б.

К ВОПРОСУ О ЗАКОНОДАТЕЛЬНОМ ОПРЕДЕЛЕНИИ НЕКОТОРЫХ
ПОНЯТИЙ, ИСПОЛЬЗУЕМЫХ В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ В РЕСПУБЛИКЕ
КАЗАХСТАН.....58

Корабаева Ж.С.

МЕДИАЦИЯ КАК ИННОВАЦИОННАЯ ФОРМА ЗАЩИТЫ ПРАВ
ЧЕЛОВЕКА.....66

Үдербай С.С.

ВОПРОСЫ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ИСПОЛНЕНИЯ КОМПЕНСАЦИИ
ПОТЕРПЕВШИМ.....71

Бекишева М.О.

ЛИШЕНИЕ РОДИТЕЛЬСКИХ ПРАВ КАК ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ
НАКАЗАНИЕ ЗА ПОЛОВЫЕ ПОСЯГАТЕЛЬСТВА В ОТНОШЕНИИ
НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ.....78

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series No 4**

CONTENT

**Section
LAW**

CONSTITUTIONAL LAW

Hakobyan L.O.

SOME PROBLEMS OF ELECTORAL RIGHTS PROTECTION.....11

CIVIL LAW

Bolbat P.N.

THE HISTORY OF THE FORMATION OF THE INSTITUTE OF CIVIL
REPRESENTATION.....21

Anferova O.A.

OTHER ABILITIES TO CONCLUDE DEALS AT AUCTIONS.....29

Perepadya O.A.

WAYS TO PROTECT CORPORATE RIGHTS: SOME QUESTIONS.....38

Stankevich G.V., Vilgonenko I.M.

FEATURES OF LEGAL REGULATION OF INSOLVENCY OF CERTAIN
CATEGORIES OF LEGAL ENTITIES.....43

INTERNATIONAL LAW

Babayan R.A.

INTERNATIONAL PRACTICE OF CONSERVATION AND USE OF OBJECTS
OF UNDERWATER CULTURAL HERITAGE.....51

YOUNG RESEARCHES

Baybolova M.B.

ON THE ISSUE OF LEGISLATIVE DEFINITION OF SOME CONCEPTS
USED DURING THE PANDEMIC IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN...58

Korabayeva Zh.S.

MEDIATION AS AN INNOVATIVE FORM OF HUMAN RIGHTS
PROTECTION.....66

Uderbay S.S.

ISSUES OF ENFORCEMENT OF COMPENSATION TO VICTIMS.....71

Bekysheva M.O.

DEPRIVATION OF PARENTAL RIGHTS AS AN ADDITIONAL
PUNISHMENT FOR SEXUAL ASSAULT AGAINST MINORS.....78

ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ӨНДІРУДІ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Үдербай С.С.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратура жанындағы
Құқық қорғау органдарының академиясының
2 курс магистранты, uderbaev101@mail.ru

Түйін. Мақалада жәбірленушілерге өтемақы өндіруді мәжбүрлеп орындату бойынша орын алып отырған қиыншылықтар қарастырылған. Заңнамамен көрсетілген жалпы өндіру туралы талаптарының тиімсіздігі және альтернативті шешім қабылдау қажеттігі талқыға салынған. Бұған қоса, жеке сот орындаушылар үшін жәбірленушілерге өтемақы өндіру санатындағы атқарушылық құжаттардың өндірілу маңыздылығы, орындалуы және тиімді бір алгоритмнің болмауы зерделенген. Сонымен қатар автормен халықаралық тәжірибе зерделеніп, олардың біздің мемлекетке тиімді шараларын қолдануға ұсыныс енгізілген.

Кілт сөздер: жәбірленушіге өтемақы қоры, атқарушылық құжат, сот орындаушылар, халықаралық тәжірибе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «**Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Ис-қимыл кезеңі**» атты жолдауында дамыған мемлекеттер үлгісі бойынша қылмыстық саланы дамыту, азаматтардың құқықтарын жоғары халықаралық стандартқа сәйкес уақытылы қамтамасыз ету моделін құру қажеттігін атап өтті [1].

Өз кезегінде, қылмыстық құқықбұзушылықпен бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің дәстүрлі құқықтық құралы болып жәбірленушіге келтірілген мүліктік залалды, сондай-ақ денсаулыққа келтірілген зиян немесе жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қалпына келтіру болып табылатындығы мәлім.

Қазақстан Республикасында 2018 жылдың қаңтар айында «Жәбірленушіге өтемақы қоры туралы» Заң қабылданып, қазіргі таңда қарқынды жұмыс атқаруда.

Аталған институт біздің мемлекетімізде алғашқы рет енгізіліп, оның негізіне БҰҰ-ның Бас ассамблеясының 1985 жылғы «Қылмыс және билікті асыра пайдалану құрбандары үшін әділ сот төрелігінің негізгі ұстанымдары туралы» Декларациясы, 1988 жылғы «Зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге өтемақы төлеу туралы» Еуропа конвенциясы негіз болған.

Алғаш рет, жәбірленушіге өтемақы төлеу қоры (бұдан әрі - қор) Жаңа Зеландия (1963 жыл) және Ұлыбритания (1964 жыл) мемлекеттерінде енгізіліп, кейіннен Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде кеңінен таралып, қазіргі таңда Еуропаның 22 мемлекетінде, Америка құрама штаттарында, Эстония және Азербайджан мемлекеттерінде жұмыс істейді [2].

АҚШ-да жәбірленушіге келтірілген залалды қалпына келтіру әділет жүйесінің негізгі түйсігі болып табылады. Федералды деңгейде қор қызметі Қылмыс куәлері мен құрбандарын қорғау туралы заңымен (1982 жыл), Қылмыс құрбандарының құқығы туралы билльмен (1984 жыл), Қылмыс құрбандарының құқықтары және реституция туралы заңымен (1990 жыл) реттеледі [2].

Одан бөлек, осы құқықтық қатынасты әр штаттың өзінің құқықтық актілері реттейді. Басым штаттардың заңдарына сәйкес, зомбылық қылмыстарынан жәбір көрген жәбірленушілермен қатар, келтірілген залалды қалпына келтіру құқығы, соның ішінде әлеуметтік көмек алу құқығы тек жәбірленушілерге ғана емес, олардың туыстарына және қылмыстың алдын-алуға әрекет жасаған тұлғалар да құқылы.

Төлемдерді төлеу сот актісінің болуына немесе кінәлі тұлғаның анықталып, анықталмауына немесе қылмыс субъектісінің қылмыстық жауапкершілікке тартылу, тартылмауына байланысты емес.

Негізінен, өтемақы медициналық көмекті көрсетуге, жерлеуге қатысты төлемдерге жұмсалған қаражатты, қайтыс болған тұлғаның жанұясына материалдық залалды қамтамасыз етуге жұмсалады.

Ал, Нью-Йорк, Мэриленд және Калифорния штаттарында қылмыспен келтірілген мүлікті қалпына келтіру және жәбірленушіге қажеттілігі бірінші заттарды сатып алуға төлемдерді көздейді.

Аталған өтемақыларды төлеу Федералды қор мен штаттардың қорынан жүзеге асырылып, штаттардың қорына жыл сайын Федералды қордан 40% пайыз жұмсалған қаражат төленеді [2].

Өз кезегінде, Федералды қор салық төлемдерінен емес, жаза үшін өндірілген айыппұлдардан, кепілден, құқықбұзушылықтармен төленетін сот төлемдері мен баждарынан құрылады.

Ұлыбританияда құқық бұзушылықтан жәбір көрген тұлғаларға екі түрлі өтемақы көзделген, кінәлі тұлғамен сот үкімі бойынша өтемақы төлеу және мемлекеттік қордан төленетін өтемақы болып табылады.

Айта кететін жай, бұл елде де АҚШ-та тәрізді төлемдерді төлеу сот актісінің болуына немесе кінәлі тұлғаның анықталып, анықталмауына немесе қылмыс субъектісінің қылмыстық жауапкершілікке тартылу, тартылмауына байланысты емес.

Төленетін өтемақы мөлшері 1988 жылы Ішкі істер министрлігімен қабылданған ережемен көзделіп, бекітілген. Мысалы, тырналған үшін 50 фунт стерлинг, тістің жоғалуы - 1000 фунт стерлинг, мұрынның жеңіл бұзылуы - 550 фунт стерлинг, зорлау - 5000 фунт стерлинг өтемақы төленеді [2].

Франция мемлекетінде өтемақы қоры 1977 жылғы Қылмыстық-процестік кодексімен реттеледі. Жәбірленушілер қордан оған келтірілген залалды мемлекеттен, қылмыскер сотталмай тұрғанға дейін алады, ал мемлекет өз кезегінде қаражатты сотталған тұлғадан регрестік түрде өндіріп алады. Еуропалық тәжірибеде қылмыстан жәбір көрген тұлғаларға осы тәртіпте өтемақы төлеу форматы суброгация деп аталады[2].

Франция Конституциясының 131-24 баптарында «Мемлекет сотталған тұлғамен өзге тұлғаға келтірілген бүкіл залал немесе оның бөлігі үшін сот үкімінде тікелей көрсетілген қоғамдық жұмыстарға тепе-тең жауапты [2].

Яғни, қордан төленген өтемақы соммасы сотталған тұлғадан қоғамдық жұмысқа тарту және еңбекке тарту формасында іске асырылады.

Біздің мемлекетімізде қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған кінәлі тұлғаларадан міндетті төлемдерді өндіру 2018 жылдың 1-шілдесінен іске қосылып, жәбірленушілерге өтемақы біржолғы төлем түрінде қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын органның шешімі негізінде, қор қаражатынан төленеді.

Қорды қалыптастыру көздеріне сотпен өндірілетін мәжбүрлі төлемдер, көзделген процестік міндеттерді орындамағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін жәбірленушіге, куәға, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға сот салатын ақшалай өндіріп алулар, сот актісі негізінде кінәлі деп танылған тұлғалар және түзеу жұмыстары түрінде жаза тағайындалған сотталған адамнан ақшалай өндіріп алулар, регрестік талаптар тәртібімен өндіріп алынған ақша жатады.

Әрине, тұтастай алғанда қор қызметі құқықтарды қамтамасыз ету, жәбірленушілердің құқықтарын қалпына келтіру, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруда оңды болатындығы анық, дегенмен қорды қалыптастыру және үнемі толтырып тұру мақсатында қаражат соммасын өндіруде іс-жүзінде қиыншылықтар орын алуда.

Осы тұрғыда негізгі факторлар ретінде: сот актісімен айыпталған тұлғаның заң және қоғам алдындағы моральдық жауаптылығы төмен деңгейде болуы, оның материалдық жағдайының, қандай да болсын қаражат өндіруге мүмкіндік бермеуі болып табылады.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан сотталған тұлғаларды, әсіресе бас бостандығынан айыру орындарында отырған сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз ету деңгейінің төмен болуы және өтемақының өндірілмегендігі үшін қандай да бір жауапкершіліктің көзделмеуі.

Осы тұрғыда сот орындаушылардың қызметі тағы бір ахуалды жағдайға ұшырауда.

Атап айтқанда, атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңға сәйкес өтемақыны өндіру жалпы негізде, яғни сот актілерінің негізінде берілетін атқарушылық парақтар бойынша үш жыл ішінде өндірілуге жатады, ал өндіріп алу жүргізілмеген немесе толық көлемде жүргізілмеген жағдайда сотқа қайтарылады.

Мысалға, ағымдағы жылдың басынан Солтүстік Қазақстан облысында пробация қызметінің есебінде тұрған 79 сотталған 3,9 млн теңге мөлшеріндегі өтемақыны төлеуге міндеттелген.

Алайда, қазіргі таңда 79 сотталғанның 14-і ғана 684 мың теңге мөлшеріндегі ақшаны өтеген, қалған қаражат соммасы бойынша міндеттемені орындату мүмкіндігі сотталғандарға тиісті қандай да болмасын мүліктің болмауынан мүмкін болмай отыр [3].

Өз кезегінде, бас бостандығынан айыру орындарында отырған тұлғаларды, қоғамнан оқшаулаусыз жаза түріне сотталған тұлғаларды ақылы жұмыспен қамтамасыз ету күрделі қиыншылықтарға ұштасатыны мәлім.

Жоғарыда аталғанды және атқару парағының тек үш жыл мерзімде орындалуға жататындығын ескерсек, қорды қаражатпен қамтамасыз ету мәселесі күрделі ахуалға ұшырауы ықтимал.

Одан бөлек, сотталған тұлғаларды жұмыспен қамтамасыз ету қажет болған жағдайда Қылмыстық-атқару кодексінің 55-бабына сәйкес пробация қызметінің жолдамасы негізінде жұмыспен қамту орталықтарына жүктелген.

Алайда сотталған тұлғалардың жұмыспен қамтамасыз етілуі және одан міндетті өтемақылардың өтелуі үшін мемлекеттік қызметкерлерге немесе сот

орындаушыларына қандай да болмасын сыйақылар немесе үстемақылар көзделмеген.

Одан бөлек, қорға өтемақы өндіру мемлекет мүддесі үшін өндірілетін өтемақылар қатарына жатқызылған, ал олардан сот орындаушылардың қызметіне көзделген үстемақы аз болып табылатындықтан, сот орындаушылар үшін аталған атқарушылық құжаттармен айналысу қызығушылық тудырмайды.

Осы тұрғыда, сотталған тұлғалардан қорға белгілі бір өтемақылардың өтелгендігі үшін уәкілетті қызметкерлерге сыйақы немесе қызметі бойынша қолдау шаралары көзделген жағдайда, сотталған тұлғаларды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс алға басу ықтималы жоғарылайтындығы анық.

Сонымен қатар, сотталған тұлғаларды жұмыспен қамту тікелей кәсіпкерлермен байланыстылығын ескере отырып, мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге салық саласында жеңілдіктер және амнистия беру барысында сотталған тұлғаларды жұмысқа алу талабын қою мәселесін қарастыру өзінің оңды шешімін табатындығына сенімдеміз.

Осыған байланысты, жоғарыда келтірілген өзекті мәселелер мен шет елдер тәжірибесін есере отырып, қарастырыл отырған сұрақты оңды шешу үшін келесіні ұсынамыз:

Франция мемлекетінің тәжірибесі негізінде, сотталған тұлғаның атында меншік тіркелмесе немесе өндірілетін өзге де қаражат соммасы болмаған жағдайда, қоғамдық жұмысқа тарту арқылы жұмыспен қамтамасыз етіп, қордан төленген ақша көлемін қалпына келтіруді.

Атқару парағының орындалу мерзімін созу немесе сотталған тұлғаның бас бостандығынан айыру мекемесінен шығу мерзіміне сай бекітуді.

Сотталған тұлғалардан қорға белгілі бір өтемақылардың өтелгендігі үшін уәкілетті қызметкерлерге сыйақы немесе қызметі бойынша қолдау шараларын көздеу.

Осы сұрақтардың оңды шешілуі біздің ойымызша қарастырылып отырған сұрақтарды нормативтік құқықтық тұрғыдан жетілдіріп, Қазақстан Республикасында осы жағдайдың оңтайлы болуына әкеледі.

Қолданылған әдебиет көздері

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» жолдауы. [Электрон. ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>. (дата обращения: 11.09.2021).
2. Юношев С.В. Государственные компенсации жертвам преступлений: зарубежный опыт и российские перспективы. Вестник СамГУ.2014. [Электрон. ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennye-kompensatsii-zhertvam-prestupleniy-zarubezhnyy-opyt-i-rossiyskie-perspektivy>. (дата обращения: 09.09.2021).
3. Жуковень О. «Как взыскивают платежи в фонд компенсации потерпевшим в СКО». 18.03.2021. KAZINFORM [Электрон. ресурс] – URL: https://www.inform.kz/ru/kak-vzyskivayut-platezhi-v-fond-kompensacii-poterpevshim-v-sko_a3765827. (дата обращения: 11.09.2021).

ВОПРОСЫ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ИСПОЛНЕНИЯ КОМПЕНСАЦИИ ПОТЕРПЕВШИМ

Аннотация. В статье рассматриваются проблемные вопросы, возникающие при принудительном исполнении компенсаций потерпевшим. Рассматриваются вопросы неэффективности требований некоторых норм законодательства, а также о необходимости принятия альтернативных решений.

Вместе с тем, для частных судебных исполнителей изучены важность производства, исполнение и отсутствие единого эффективного алгоритма исполнительных документов категории взыскания компенсации потерпевшим.

Также, автором изучен международный опыт и внесено предложение принять меры, которые будут эффективны для нашего государства.

Ключевые слова: фонд компенсации потерпевшему, исполнительный документ, судебные исполнители, международный опыт.

ISSUES OF ENFORCEMENT OF COMPENSATION TO VICTIMS

Annotation. The article deals with problematic issues arising during the enforcement of compensation to victims. The issues of inefficiency of the requirements of some legislative norms, as well as the need for alternative solutions are considered.

At the same time, for private bailiffs, the importance of production, execution and the lack of a single effective algorithm of enforcement documents of the category of recovery of compensation to victims have been studied.

Also, the author has studied international experience and made a proposal to take measures that will be effective for our state.

Keywords: victim compensation fund, executive document, bailiffs, international experience.